

"Genesis Lab Ltd." жеке компанияға жер телімдеріне пайдалы қазбалар барлау мақсаттары үшін қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 21 мамырдағы № 26/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, 2026 жылғы 26 наурыздағы "Genesis Lab Ltd." жеке компанияның өтінішін қарастырып, уәкілетті органдармен оң келісу негізінде, Абай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Genesis Lab Ltd." жеке компанияға пайдалы қатты қазбаларды барлау мақсаты үшін жер учаскелерін алып қоймай, Қарағанды облысы Абай ауданы Ильичевск және Көксу ауылдық округінің аумағында орналасқан жалпы алаңы 674,3665 га жер учаскелеріне қауымдық сервитут 2031 жылғы 6 тамызға дейінгі мерзімге белгіленсін.

2. "Genesis Lab Ltd." жеке компанияға қажет:

1) жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға залалдарды толық көлемде өтеуге, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын;

2) жер учаскесін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау;

3) жүргізілетін жұмыстар нәтижесінде пайдаланылатын жер учаскесінде және оған іргелес аумақта экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеу.

3. "Genesis Lab Ltd." жеке компанияға қатты пайдалы қазбаларды барлау мақсатында жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы" қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай ауданының әкімі

С. Оспанов

Абай ауданы әкімдігінің
2026 жылғы 21 мамырдағы
№26/01 қаулысына қосымша

№	кадастрлық нөмірі	Ж е р пайдаланушы	ИИН/БИН	Жер санаты	Қ ұ қ ы қ белгілейтін құжат
1	2	3	4	5	6

1	09-134-011-131	Мукашев Аманкельды Турсынулы	730910350352	А у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Абай ауданы әкімдігінің 06.05.2003г., № 06/07 қаулысы Абай ауданы әкімдігінің № 21 /08 от 06.09.2007 қаулысы
2	09-134-020-068	Мукашев Аманкельды Турсынулы	730910350352	А у ы л шаруашылығы мақсатындағы жерлер	Абай ауданы әкімдігінің №33- 07/ от 20.10.2015 қаулысы

кестенің жалғасы

Құжаттар бойынша алаң, га	Сервитуттың астына түсетін алаң	Құқық түрі	Нысаналы мақсаты	Мекен жайы	Сервитут мерзімі
7	8	9	10	11	12
9972,.9000	468,6865	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ жер пайдалану	фермер кожалығын жүргізу	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Ильичевск ауылдық округі	03.11.2055
7173,6000	205,6800	Уақытша өтеулі ұзақ мерзімді ортақ жер пайдалану	фермер кожалығын жүргізу	Қарағанды облысы, Абай ауданы, Көксу ауылдық округі	03.11.2055